

Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 572 "2019-2020 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 697 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 қыркүйекте № 59 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының 14 және 21-тармақтарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2019-2020 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 572 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 50 тіркелген, 2019 жылғы 5 шілдеде "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға "Жергілікті бюджет есебінен 2019-2020 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы" қосымшасының

"

Шымкент қаласы білім басқармасының "Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу			"Шымкент қаласының білім басқармасы" " мемлекеттік мекемесі	
	1211032	Тігінші	225	50		275
	1211072	Модельер-пішуші	50			50
	1209000	Тоқу өндірісі (түрлері бойынша)				
	1209012	Тоқушы	50			50
	Барлығы		325	50		375

".
;

деген қатары мынадай редакцияда жазылсын:

"

Шымкент қаласы білім басқармасының "Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу			
	121103 2	Тігінші	169	50	219
	121103 2	Тігінші (инклюзив)	32		32
	121107 2	Модельер-пішуші	50		50
	1209000	Тоқу өндірісі (түрлері бойынша)			
	120901 2	Тоқушы	50		50
	Барлығы			301	50

"

.

"

Барлығы қала бойынша	2192	537	2729
----------------------	------	-----	------

"

.

деген қатары мынадай редакцияда жазылсын:

"

Барлығы қала бойынша	2168	537	2705
----------------------	------	-----	------

"

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.Нұртайға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 29 тамыздан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

қала әкімі

Е. Айтаханов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК